

ЖШС «Нұрлан –К.А.» «Күншуақ» балабақшасының

№1 ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген орны: «Күншуақ» балабақшасы

Оқу жылы: 2025–2026 оқу жылы

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау туралы.
2. Балабақша қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережелерін сақтау туралы.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу туралы.
4. Қызметкерлердің ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті туралы.
5. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау мәселесі бойынша учаскелік дәрігердің түсіндірмесі.
6. Әртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Ж.Шилманова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әрбір педагогтің кәсіби міндеті екенін атап өтті. Педагогтер балаларға, ата-аналарға, әріптестеріне құрметпен және сыпайылықпен қарауы қажет. Қызмет барысында дөрекілікке, дауыс көтеруге, кемсітуге, жеке басын қорлауға және әріптестердің абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерге жол берілмеуі тиіс. Педагог өз қызметтік міндетін адал әрі сапалы орындап, еңбек тәртібін сақтауы, кәсіби білімін жетілдіруі және балаларға үлгі болуы қажет.

Шешім:

Педагогтерге педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау міндеттелсін.

2) Әдіскер Ж.А.Курманғалиева балабақшаның ішкі тәртіп талаптарын сақтау туралы түсіндірме жүргізді.

Қызметкерлер жұмысқа уақытылы келуге, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, белгіленген жұмыс кестесін сақтауға, балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, жұмыс орнын таза ұстауға және балабақша мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

Сонымен қатар ата-аналармен қарым-қатынаста балабақшаның ішкі тәртібі мен белгіленген талаптары сақталуы қажет. Ішкі тәртіп қағидалары білім беру ұйымының барлық қызметкерлері мен білім беру процесіне қатысушылар үшін сақталуы тиіс.

Шешім:

Барлық қызметкерлер ішкі тәртіп талаптарын қатаң сақтасын.

3) Учаскелік полиция инспекторы К.Ж.Кенджебаев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қызметкерлерге қызметтік жағдайын жеке пайдасына пайдалануға, ата-аналардан ақша, сыйлық немесе басқа да материалдық пайда талап етуге жол берілмейтіні түсіндірілді.

Балабақша қызметінде әділдік, адалдық, ашықтық және заңдылық қағидалары басшылыққа алынуы қажет. Сыбайлас жемқорлыққа әкелуі мүмкін кез келген жағдайдың алдын алу – ұжымның ортақ міндеті.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар барлық қызметкерлерге түсіндірілсін.
2. Ата-аналармен қарым-қатынаста заңдылық пен ашықтық сақталсын.
3. Қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалануға жол берілмесін.

4-мәселе

бойынша

Әдіскер Ж.А.Курмангалиева ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнатудың маңыздылығына тоқталды.

Педагог ата-аналардың пікірін құрметтеп, олардың ұсыныстары мен өтініштерін әдепті түрде тыңдауы қажет. Келіспеушілік туындаған жағдайда мәселені дау-жанжалсыз, сабырлы және заңды жолмен шешу ұсынылды.

Ұжым ішінде бір-бірін қолдау, өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті сақтау қажеттілігі айтылды.

5-мәселе: Учаскелік дәрігер Т.С.Шехевцова балабақша тәрбиеленушілерінің денсаулығын сақтау және аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Дәрігер балалар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтау, бөлмелерді желдету, тазалық жұмыстарын уақытылы жүргізу, балалардың денсаулығындағы өзгерістерге дер кезінде назар аудару қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар қызметкерлерге баланың денсаулығына қатысты мәліметтерді ата-аналармен және медицина қызметкерімен дұрыс тәртіпте талқылау, медициналық мәселелер бойынша өз бетінше диагноз қоймау және қажет болған жағдайда ата-ананы медициналық маманға жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Учаскелік дәрігердің ұсыныстары:

- балалардың жеке гигиенасын бақылау;
- қолды сабынмен дұрыс жууға үйрету;
- топ бөлмелерінің тазалығы мен желдетілуін қамтамасыз ету;
- балалардың денсаулық жағдайына күнделікті назар аудару;
- денсаулыққа байланысты күмәнді жағдайларда медицина қызметкеріне хабарлау;
- ата-аналармен баланың денсаулығына қатысты ақпаратты уақтылы бөлісу;
- санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау.

Шешім:

Учаскелік дәрігердің ұсыныстары педагогтер мен қызметкерлерге таныстырылып, күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.

б) Балабақша меңгерушісі Н.Ж.Шильманова барлық қызметкерлерді өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға, педагогикалық әдепті, ішкі тәртіпті және санитариялық талаптарды сақтауға шақырды.

Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын бірінші орынға қою қажеттігі атап өтілді.

Шешім:

1. Педагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.
2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерінің талаптары орындалсын.
3. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол берілмесін.
4. Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік, сыйластық және мәдениеттілік сақталсын.
5. Учаскелік дәрігердің балалардың денсаулығын сақтау жөніндегі ұсыныстары тұрақты түрде орындалсын.
6. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.
7. Осы хаттамада көрсетілген талаптардың орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:
Хатшы:



Н.Ж.Шильманова
М.Е.Нұржанова